

2

Тазалық күн тәртібінен түспейді



4

26 мың БАҚ өкілі жұмыс жасайды



Сыр бойы

25 шілде, бейсенбі 2024 жыл

№113 (20787)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ ТИІС

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасына қатысты мәселелер қаралып, тиісті тапсырмалар берілді.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, талқыландырылған мәселеге орай аймақтағы жағдайды бағамдады.

– Ұлттық жоба аясында өңірде биыл қолға алынған 9 дәрігерлік амбулатория және 2 фельдшерлік-акушерлік бекет 1 қазанға дейін пайдалануға беріледі. Құрылыстың жалпы құны – 3 млрд 500 млн теңге. Бұған Үкімет резервінен 2 млрд теңге берілді. Шилелі ауданындағы 30 төсектік инфекциялық бөлімше мен көпбейінді аурухананың құрылыс жұмыстары басталды. Айта кету керек, жүйелі жұмыстардың нәтижесінде Шилелі ауданындағы 30 төсектік инфекциялық бөлімшені салу ұлттық жобадан тыс, жоспарға қосымша енгізіліп, қазір 1 млрд 300 млн теңге қаржысы бөлінді. Арал ауданында дәл осындай инфекциялық бөлімше жобасы дайын. Ұлттық жоба аясында салынатын Арал аудандық ауруханасының қосымша құрылыс жобасын мемлекеттік сараптамадан өткеннен кейін екеуін біріктіріп қаржыландыруды Денсаулық сақтау және Қаржы министрліктерімен пысықтау қажет, – деді облыс әкімі.

2-бет

АГРОСАЛА: ӨНІРДЕ ОЗЫҚ ЕҢБЕК БАР

Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Қызылорда облысы ауыл шаруашылығы өнімдері көлемін арттыруда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Бұл туралы ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында айтылды.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың мәліметеіне қарағанда, Сыр өңірі минералдық тыңайтқыштарды пайдалану көрсеткіші бойынша 1-орында, суды үнемдеу технологияларын енгізу бойынша 2-орында. Мұнан бөлек, өңірде арнайы техника паркін жанарту көрсеткіштері жоғары.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысына егін құрылымын әртараптандыру және су үнемдеу технологияларын енгізу шараларын баяндады.

– Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемін 2 есе арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау үшін Қызылорда облысында 2024-2028 жылдарға арналған жол картасы бекітілді. Жол картасында 2024 жылға 18 көрсеткіш белгіленген, бүгінгі күні 5 көрсеткіш орындалды, 13 көрсеткіш жыл қорытындысымен толық орындалады. Биылға бөлінген 3 млрд 700 мың теңге метр су лимитіне сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдары 190,9 мың гектарға, оның ішінде күріш 82 мың 400 гектарға егілді. Өткен жылмен салыстырғанда күріш егісі 6 мың 600 гектарға қысқарып, малазықтық дақылдар көлемі 2 мың 400 гектарға ұлғайды. 2028 жылға қарай күрішті 72 мың 200 гектарға дейін оңтайландырып, су үнемдеу технологиясы арқылы малазықтық және жүгері, көкөніс, бақша дақылдары көлемін көбейтеміз, – деді аймақ басшысы.

2-бет

САПАР

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ӘРКЕЗ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ



150 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Кеше Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова облыс орталығында пәтер кілттерін табыстау рәсіміне қатысты. Дарияның сол жағалауында 10 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, кезектегі 150 отбасы баспаналы болды.

Салтанатты шарада сөз алған вице-премьер пәтер кілтін алғандарды құттықтап, азаматтарға жайлы жағдай жасау мәселесі Мемлекет басшысының тұрақты назарында екенін жеткізді.

– Халықтың әл-ауқатын арттыру, жайлы өмір сүруіне жағдай жасау – мемлекетіміздің ең басты стратегиялық міндеті. Бүгінде елімізде тұрғын үй мәселесін шешудің сапалы, банктердің ипотека бағдарламалары, мемлекеттік бағдарлама бойынша баспана алу секілді әртүрлі жолдары қалыптасты. Жыл басынан бері еліміз бойынша 7,5 миллионға жуық шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін көрсеткішті 18 миллионға жеткізу көзделген. Бұл – мыңдаған отбасының баспана мәселесін шешуге мүмкіндік береді, – деп атап өтті Тамара Дүйсенова. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев баспаналы болған азаматтарға игі тілегін білдіріп, қуаныштарын бөлісті.

2-бет

СЕССИЯ

ШИРЫҚҚАН ШАРУАНЫҢ АЛТЫ АЙЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ



Кеше облыстық мәслихаттың кезектен тыс XVI сессиясы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов пен Наурызбай Байқадамов, облыс әкімінің орынбасарлары мен құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, облыстық басқармалар және аумақтық инспекциялардың басшылары қатысты. Аудан, қала әкімдері, мәслихат төрағалары және активі бейнебайланыс жүйесі арқылы қосылды.

Сессияда биылғы жылдың 6 айының қорытындысы бойынша негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілгені айтылды. Мәселен, өнеркәсіп өндірісі 5, өңдеу өнеркәсібі 37,5, ауыл шаруашылығы 4, құрылыс жұмыстарының көлемі 35,6, тұрғын үй 3,7, көлік 3,4, сауда 3,6 пайызға артты.

Өңірдегі мұнай қорының сарқуы салдарынан кейінгі 10 жыл бойы төмендеу тенденциясы байқалып отыр. Соған қарамастан өнеркәсіп өндірісі өткен жылдың қыркүйек айынан бері оң динамикаға шықты. Өсім өңдеу өнеркәсібі есебінен қалыптасты. Саладағы өсу қарқыны бойынша 2022 жылы Қызылорда облысы республикада 11-орында болған еді. Өткен жылдан бері алғашқы үштікке енді.

– Шетелдік инвесторлардың өңірде жұмыс істеуіне қолайлы климат қалыптасқан. Сол себепті ауқымды инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Биылғы жылдың 6 айында негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 41,4 пайыз артты. Кәсіпкерлікті қолдауға соңғы екі жылда (2022-2023 жж.) 127 млрд 500 млн теңге беріліп, 12 мыңнан астам жобаға қаржы тартылды. Оның 25 млрд 100 млн теңгесі мемлекеттік бағдарлама аясында қолдау тапты. Биыл екінші деңгейлі

банктер мен қаржы ұйымдары арқылы 3 мыңға жуық жоба қаржыландырылды. Ауыл шаруашылығы саласына кейінгі екі жылда 20 млрд 300 млн теңгеден астам инвестиция тартылды. Жыл басынан бері 6 айда саладағы негізгі капиталға 3 млрд 300 млн теңге инвестиция салынды. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 34 млрд 100 млн теңге қаралды. Жыл қорытындысымен 2,5 мыңнан астам пәтер пайдалануға берілді. Аймақта 43 млрд теңгеге 300 шақырымнан астам жол жөнделді. Жыл аяғына дейін жақсы жағдайдағы жолдар үлесі 92 пайыздан асады. Электр энергиясымен қамту бағытында 11 млрд теңгеге 38 жоба жүзеге асырылуда. Нәтижесінде желілердің тозу деңгейі 62 пайызға төмендейді. Тұрғындарды газбен қамту көрсеткіші 78 пайызға жеткізіледі. Облыс халқының 98,4 пайызы орталықтандырылған ауызсумен қамтылған, – деді Н.Нәлібаев.

Биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 10 мектептің, «Білімді қолдау қоры» есебінен дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернаттың құрылысы жүргізілуде. Жергілікті бюджет есебінен 8 мектеп ғимараты күрделі жөнделуден

өтуде. «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен бой көтерген 350 орындық «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілді. «Сауте Ойл» компаниясының демеушілігімен Сырдария өзенінің сол жағалауынан музыкалық колледждің жана ғимараты салынууда. Нысан 2025 жылы іске қосылады. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрылысы басталып, Шығармашылық академиясы бой көтере бастады.

Мәслихат сессиясында ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов аймақ дамуында оң өзгерістер қалыптасып отырғанын атап өтті. Өңірде инфрақұрылымды дамыту, білім және денсаулық сақтау, әлеуметтік салаларда байыпты баспа, жарқын істер байқалып отыр. Өрбір жаңашыл жоба еліміздің жақсаруына оң септігін тигізеді.

Сенат депутаты Наурызбай Байқадамов та аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішін жоғары бағалады. Өрбір жобаның халықтың игілігі, өңірдің дамуы үшін байыпты жүргізілуі үлкен еңбекті көрсетеді.

Сондай-ақ мәслихат сессиясында 2023 жылдарға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту, «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешіміне өзгерістер енгізу, Қызылорда облысындағы қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту және өзге де мәселелер депутаттар талқылауына ұсынылып, тиісті шешімдер қабылданды.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҰЛТТЫҚ БАНК «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» АКЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛДЫ

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ компания акционерлерінің құрылымында өзгеріс болғанын хабарлады. Бұл туралы «ҚазАқпарат» жариялады.

20 шілдеде Ұлттық банк пен «Самұрық-Қазына» АҚ арасындағы «Қазатомөнеркәсіп» акцияларын елдің ұлттық қорына сатып алу бойынша биржадан тыс мәміле аяқталған. Осы транзакция нәтижесінде «Самұрық-Қазына» АҚ үлесі 75%-дан 62,99336549%-ға дейін төмендеп отыр.

Қазатом бағалы қағаздар орталық депозитарийінің ресми деректері бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ сатқан 12,00663451% үлесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің иелігіне өтті.

Ұлттық банктің ресми мәлімдемесіне сәйкес, Қазақстан Үкіметі республикалық бюджетті қаржыландыру мақсатында «Қазатомөнеркәсіптің» акцияларын Қазақстан Республикасының ұлттық қорына сатып алу жөнінде шешім қабылдаған.

«Қазатомөнеркәсіптің» еркін айналымдағы акцияларының үлесі өзгерген жоқ және Лондон қор биржасында және Astana International Exchange биржасында қосарланған листингпен 25% деңгейінде сақталуда.

НЕСИЕНІҢ ПАЙЫЗДЫҚ СТАВКАСЫ ТӨМЕНДЕЙДІ

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Ұлттық банкпен бірлесіп, екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдарындағы қарыздар бойынша жылдық тиімді сыйақы ставкасы төмендететін қаулы жобасын әзірледі.

«ҚазАқпарат» таратқан мәліметке қарағанда, микрокредит бойынша сомасы 45 АЕК (166 140 теңге) дейінгі және 45 күнге дейінгі күнделікті номиналды мөлшерлемені шекті мөлшерін 1%-дан 0,3%-ға дейін төмендету, сонымен бірге жылдық тиімді ставканың шекті мөлшерін 179% деңгейінде белгілеу ұсынылады.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциалдық реттеу департаментінің директоры Дәурен Сәлімбаевтың айтуынша, жалақыға дейінгі қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер шамамен 3 есе төмендейді.

Бұған дейін қысқа мерзімді микрокредиттердің жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі бойынша еш шектеу болмаған. Мұндай қарыздар бойынша шекті номиналды мөлшерлеме белгіленген.

Сондай-ақ қазіргі уақытта банктер мен микроқаржы ұйымдарының кепілсіз қарыздары бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі — 56%. Бұл мөлшер 2012 жылы белгіленіп, содан бері қайта қаралмаған.

Әзірленген қаулы жобасы сонымен қатар банктердің кепілсіз кредиттері бойынша шекті жылдық мөлшерлемесі 56%-дан 46%-ға дейін, кепілді кредиттер бойынша 40%-дан 35%-ға дейін төмендетуді көздейді.

«Кредит қазіргі уақытта банктер мен микроқаржы ұйымдарының төмендеуі халықтың борыштық жүктемесінің төмендеуіне ықпал етеді, яғни қазақстандықтар рәсімдейтін барлық жана қарыздар анағұрлым төмен мөлшерлемелену болады және тиісінше осы кредиттерге қызмет көрсету құны борыштық жүктеме сияқты төмен болады» деді Дәурен Сәлімбаев.

ОЛИМПИАДА: СЫЯҚЫ МӨЛШЕРІНДЕ ӨЗГЕРІС ЖОҚ

24кз-тің хабарлауынша, Париж Олимпиадасының жүлдегерлеріне берілетін сыйақы мөлшері өзгерген жоқ.

Әдеттегідей бірінші орынға 250 мың, күміске 150 мың, қолаға 75 мың доллар беріледі. Төртінші және алтыншы орын алғандарға 5 мың мен 30 мың доллар аралығында төленеді. Сондай-ақ чемпиондар мен жүлдегерлерді дайындаған бірінші, жеке және бас бапкерлерге қосымша ақшалай ынталандыру қарастырылған. Егер спортшы әлемдік рекорд орнатқан жағдайда тағы 5 мың доллар, жаттықтырушысы 3 мың доллар алады.

– Сыйақы ол мемлекет тарапынан. Одан басқа әрбір федерация, кәсіпкерлер, жергілікті атқарушы органдар бар. Егер жеңіп жатса, біз марапаттау жағынан кем қылмаймыз. Әрқашан да жақсы марапат болады, – дейді Олимпиада және Паралимпиада дайындық штабының басшысы Елсіяр Қанағатов.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы

\$ 472,62 zzt

€ 513,22 kzt

₺ 5,43 kzt

Ауа райы

+31° +33°

+32° +34°

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ӘРКЕЗ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

– Құрылыс барысы әкімдіктің жігі бақылауында болды. Мердігерлер жұмысты сапалы атқарды деп санаймын. Ең бастысы, баспанаға мұқтаж жандардың біркатары пәтерлі болып отыр. Аймақ әкімдігі бұл бағыттағы жұмысты әрі қарай да жалғастыратын болады, – деді аймақ басшысы.

Пәтер алғандар арасында Гүлсезім Убайділді бар. Жолдасымен жетімдер санатында кезекте тұрған. Бұған дейін жалдамалы пәтерлерде тұрып келген. Енді екі баланың анасы екі бөлмелі пәтердің иесі атанып отыр.

– Өз баспана болғанға не жетсін?! Бүгінде дейін туыстардың үйінде де тұрдық, пәтер де жалдадық. Енді міне, өзіміздің баспанамыз бар. Өте қуаныштымыз. Қолдау білдірген азаматтарға алғыс айтамын, – деді ол.

1-бет



ҰЛТТЫҚ ЖОБА ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ ТИІС

Облыстық денсаулық сақтау басқармасына жобалардың қаржыландырылуын бақылауда ұстау тапсырылды.

Айта кетейік, Шиелі аудандық көпбейінді ауруханасына салынатын қосымша құрылыс жобасының мемлекеттік сараптамадан оң қорытындысы алынды. Мұнан бөлек, Арал, Қазалы, Жанакорған көпбейінді аудандық ауруханаларының қосымша құрылыс жобасы мемлекеттік сараптама қарауына енгізілді. Қорытындыны тамыз айында алу жоспарлануда.

Нұрлыбек Машбекұлы ұлттық жоба аясында салынатын нысандар Мемлекет қорының және Үкіметтің ерекше назарында екенін қаперге салып, құрылысқа қарқын қосуды тапсырды. Ең бастысы, ғимараттар сапалы болуы тиіс. Жауапты мекеме басшыларына барлық нысанның халыққа ыңғайлы, жайлы болуы керектігі ескертілді. Сондай-ақ тазалығы, қасбеті талапқа сай болуын қатаң қадағалау керек.

Жаңа дәрігерлік амбулаторияларды мамандармен, жана санитарлық автокөлікпен қамтамасыз ету назардан тыс қалмауы қажет.

1-бет

Айта кетейік, баспаналардың құрылысына республикалық бюджеттен 8,5 млрд теңге бөлінген болатын. Бұл қаржыға 5 қабатты үйлер бой көтерді.

«ҚАН ОРТАЛЫҒЫ» АШЫЛДЫ

Қызылордадағы денсаулық сақтау инфрақұрылымы жаңа нысанмен толықты. Сырдың сол жағалауында жаңа «Қан орталығы» ашылды. Салтанатты рәсімге ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов пен Наурызбай Байқадамов қатысты.

Бұған дейін «Қан орталығының» өз алдына жеке ғимараты болмаған. Облыстық көпбейінді медициналық орталықта орналасқан еді. Жұмыс барысында орын тапшылығы сезілетін дейді қызметкерлері.

Салтанатты шарада сөз алған Тамара Дүйсенова мемлекет тарапынан денсаулық сақтау саласына қатысты атқарылып жатқан шаралар туралы атап өтті. Қазірде елімізде Президент тапсырмасымен «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы іске асуда. Оның шеңберінде елді мекендерде екі жылда 655 алғашқы медициналық-санитариялық көмек беру нысандарын салу көзделген. Жоба аудандық ауруханаларды жетілдіруді де мақсат етеді.

– Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау аясында бүгін жаңа «Қан орталығының» ашылуына куә болып отырмыз. Жылына он мың адамға қызмет көрсете алатын нысанның аймақ үшін маңызы зор. Біздің ең негізгі мақсатымыз – ұлт денсаулығын сақтау. Ұлт денсаулығы – мемлекетіміздің даму кепілі, – деді вице-премьер.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жұртшылықты жаңа орталықтың ашылуымен құттықтады. Айта кетейік, ғимарат құрылысына республикалық бюджеттен 2,7 млрд теңге бөлінген. Жыл сайын өңірде 10 мыңнан аса тұрғын донорлық қан тапсырады. Орталық медициналық ұйымдардың сұранысына сай 17 мың дозадан астам қан компоненттерін дайындамақ.

Шара аясында аймақтың денсаулық сақтау саласының автопаркі де жаңа көліктермен толықты. Салтанатты түрде медицина мекемелері басшыларына 76 санитарлық автокөліктің кілті табысталды. Жаңа жедел жәрдем машиналары 11 медициналық мекеме аясында халық игілігіне жарайтын болады.

АГРОСАЛА: ӨҢІРДЕ ОЗЫҚ ЕҢБЕК БАР

Күріш мелиоративтік дақыл болғандықтан, су үнемдеудің бірден-бір жолы – лазерлік тегістеу. Кейінгі жылдары шаруалар күріш атыздарына жасалған лазерлік тегістеу арқылы суды 20 пайызға дейін үнемдеп, өнімділікті 30 пайызға дейін көтеруге болатынына көз жеткізді. Биыл күріш егістігінің 55 мың гектары лазерлік әдіспен тегістелді. Алдағы жылдары барлық алқап лазерлік тегістеуден өткізілетін болады. Осылайша егін көлемі азайғанмен, агро-технологияларды қатаң сақтау, минералды тыңайтқыштарды өз деңгейінде пайдалану, тұқым сапасын жақсарту, жаңа сорттарды өндіріске енгізу арқылы өнімділікті 20-25 пайызға дейін арттыруға толық мүмкіндік бар. Осының есебінен жыл сайын 450-460 мың тонна күріш өндіру көзделуде. Бұл көлем еліміздің күрішке қажеттілігін толық қамтамасыз етеді және экспорттық әлеуеті сақталады.

Аймақта күріштен басқа дақылдарға су үнемдеу технологиялары бытыр 872 гектарға енгізілсе, биыл 4 мың 393 гектарға жеткізілді. Алдағы жылдары оның көлемі 34 мың 200 гектар болмақ. Бұл бағытта

3 ірі инвестициялық жоба қолға алынды. «Таң ЛТД» ЖШС қытайлық компаниямен бірлесіп, 3 мың гектарға тамшылатып суару әдісімен жүгері, «РЗА Агро» ЖШС жаңбырлатып су ару әдісімен 1000 гектарға сүрлемдік жүгері, «Camel Pro» ШҚ 800 гектарға жоңышқа екті.

Облысқа инвестиция тарту мақсатында агроөнеркәсіптік кешендегі 2024-2026 жылдары іске асырылатын инвестициялық жобалардың жол картасы әзірленді. Онда 51,3 млрд теңгенің 30 инвестициялық жобасы қамтылған. Биыл 13 инвестициялық жоба жоспарланып, бүгінгі күні 6-ы іске қосылды. Атқарылған шаралардың нәтижесінде биыл 6 айда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 104 пайызды көрсетіп отыр. Оның ішінде өсімдік шаруашылығының өнімі – 104,4 пайыз, мал шаруашылығының өнімі – 104,3 пайыз.

Нұрлыбек Машбекұлы өз баяндамасында биыл көктемгі егін егу және дала жұмыстарына «Кен дала-2» жобасы шеңберінде 10 млрд теңге жеңілдетілген несиелер бөлінгенін айтып, Сыр диқандарына қолдау көрсеткені үшін Үкімет басшысына алғысын жеткізді.

1-бет

ТАЗАЛЫҚ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

Елді мекендердің таза әрі тұрғындардың өмір сүруіне жайлы болуы басшылықтың тұрақты назарында. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте өңірдің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы аппарат қызметкерлері жүргізген күнделікті бақылау нәтижесіне тоқталып, анықталған кемшіліктерді шұғыл түрде жөнге келтіруді тапсырды.

– Аппарат қызметкерлері қала аумағындағы тазалық, құрылыс, күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жүргізілетін аумақтарды күнделікті аралайды. Бүгін де менің тапсырмаммен таңертеңнен бері бақылап шықты. Кемшілік көп. Көпқабатты тұрғын үй аулаларының, ойын алаңдарының жағдайы сын көтермейді. Қала әкімі, жауапты орынбасарлары, бөлім басшылары тарапынан бақылау жоқ. Жұмыс өз деңгейінде сапалы жүргізілмейді.

Қаладағы кәсіпкерлік нысандардың аумағы, қасбеті мүлде бақылаусыз қалған. Мен мәжіліс сайын әлеуметтік, кәсіпкерлік нысандар аумағын қатаң бақылауда ұстап, жан-жағын тәртіпке келтіруді тапсырамын. Серік Салауатұлы, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы, слайдта көрсетілген кемшіліктерді шұғыл 2 күн ішінде қалпына келтіріңіздер. Аудандардағы санитарлық тазалық жағдайы да сын көтермейді. Барлық елді мекеннің тазалығын қатаң бақылауға алып, көркейткі-қоғалдандыру, өктем-сырлау жұмыстарын тұрақты жүргізіңіздер, – деді облыс әкімі.

Мұнан бөлек, аймақ басшысы «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында жүргізілетін жұмыстарды күнделікті бақылауда ұстауды тапсырды.

Облыс әкімі аппараты күнделікті бақылауды әрі қарай жалғастырып, анықталған кемшіліктерді қалпына келтіру бойынша ұсыныс беретін болады.

КРИПТОВАЛЮТА НЕГЕ СЕНІМСІЗ ВАЛЮТАҒА АЙНАЛДЫ?

Криптовалюта алғаш пайда болған кезде көп ұзамай биліктің ақшаға монополиясы, қаржы капиталының ықпалы жойылады деген болжам болды. Қазақстанның өзі ашық цифрлық майнинг саласында жетекші ойыншы болуға ниетті екені айтылған. Елімізде «Цифрлық активтер туралы» заң қабылданып, құқықтық база құрылды. Дегенмен бұл болжам жүзеге асқан жоқ. Айналымға енген соң лезде бүкіл әлемге танымал болған жоба мүлде басқаша қарқын алды.

Ал цифрлық ақша алыпсатарлық объектісіне айналып шыға келді.

БИТКОИНДІК СОҒЫС НӘТИЖЕСІ

Бастапқыда криптовалюталар бір АҚШ долларынан да арзанға сатылғаны белгілі. 2015 жылға қарай биткоин кеңінен танымал болды. Ең ірі фирмалар оны қабылдай бастады. Бірақ өкінішке қарай, үміт ақталмады. Бүгінде биткоинді пайдалану алты жыл бұрынғыдан әлдеқайда төмен. Аударымдар қымбат және сенімсіз. Аударым жасау үшін кейде елу долларға дейін комиссия төлеп, апта-лап күту қажет.

Бір сөзбен, биткоиннің кәдімгі банктің онлайн транзакцияларынан артықшылығы аз. Мұның себебі желінің технологиялық шегіне жетуімен түсіндіріліп жүр. Бірақ жеке-кеген сарапшылар ғана емес, Роджер Вер сияқты биткоин стартаптарының алғашқы инвесторларының өзі нақты себептің басқа екенін айтады. Жобаны әзірлеушілер пайда табу үшін оның әлеуетін әдейі шектеп отыр. Мұндай жағдай өздігінен болған жоқ. Оған кейін «биткоиндік азаматтық соғыс» деген атқа не болған оқиғалар себеп болды. Бүгінде криптовалюта жол айырығында тұр. Жоба толығымен банкрот мен реттеуші органдардың

бақылауына өтеді немесе жалпы жұртшылық цифрлық ақша идеясынан бас тарталды.

Кез келген валюта ерте ме, кеш пе, өзгесімен алмастырыла бастайтыны белгілі. Биткоинді жасап шығарған Сатоши Накамото оны ең төменгі комиссиямен күнделікті қолдануға арналған ақша ретінде ойластырған. Биткоин транзакциялары барлық қатысушылар үшін ашық және Орталық банктің немесе басқа қаржы институтының рұқсатын талап етпейді. Бұл оларды түзелсіз етеді. Криптоэмиандар арасындағы аударымдарды кез келген уақытта бақылай аласыз. Осылайша, цифрлық ақша барлығына қолжетімді болуы керек еді. Оның басты артықшылығы да банкірлерге ғана емес, барлығына қолжетімділігі болатын.

Он жыл бұрын криптовалютаға



Фото: Ашық дереккөзден

катысты бұл қағида барлығына түсінікті болды. Кейінгі жылдары жағдай өзгерді. Жоба әзірлеушілері жұртшылықты биткоиндерін жұмсамай, көптеп жинап, құнының өсуін күтуге шақыра бастады. Бірақ цифрлық ақшаның ойдан шығарылған құндылығы емес, нақты пайдалы болуы керек. Ал кез келген ақшаның құндылығы – айырбасты қамтамасыз етуінде.

КОМИССИЯСЫ КӨП ВАЛЮТА

Биткоин блокчейн технологиясына негізделген. Блокчейн – цифрлық транзакцияларды жазуға арналған арнайы құрылым. Деректерін, яғни блоктарды және олардың мазмұнын несі рұқсат етсе, кез келген адам көре алады. Демек блокчейн желісінің пайдаланушысына оның деректерін растайтын нотариус, тіркеуші, аудитор, сақтандыру агенті, бақылаушылар сияқты делдалдар қажет болмайды. Блокчейннің негізгі техникалық параметрі – блок өлшемі. Әрбір блок толған кезде транзакциялар қымбаттайды. Қазіргі уақытта бір блок 2-3 мың транзакцияны қабылдай алады және ол әр он минут сайын жасалады. Егер 150 мың адам бір уақытта биткоинді пайдалануға шешім қабылданды, ол елу блоқты

ТАҒАЙЫНДАУ

РУСЛАН ҚАЮПОВ – ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен актив отырысында өңірдегі кадрлық өзгерістер таныстырылды.

Осы уақытқа дейін облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы қызметін атқарып келген Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлы «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы лауазымына сайлануына байланысты Президент Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің келісімі және облыс әкімінің өкіміне сәйкес ауысу тәртібімен басқарма басшысы лауазымына Каюпов Руслан Мұхамедәліұлы тағайындалды.

Аймақ басшысы Руслан Каюповқа қызметінде сәттілік тіледі.

– Руслан Мұхамедәліұлы – туған жердің азаматы ретінде аймақтың қоғамдық-саяси ахуалымен етене таныс. Түрлі жауапты қызметтерде тәжірибесі толысқан, қызмет баспадағымен сатылап өскен білікті кадр, жауапты маман. Шын мәнінде, өңірдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз етуде қоғамдық даму басқармасының орны ерекше және жауапкершілігі жоғары. Бүгінде ішкі саяси тұрақтылық айрықша маңызға ие. Руслан Мұхамедәліұлы жаңа қызметте өңірдегі қоғамдық-саяси ахуалға жүйелі мониторинг жүргізіп, әлеуметтік шиеленістерді болдырмауға, әлеуметтік-экономикалық талдауды жаңа қарқында дамытуға жұмыс жасайтын болады. Саяси партиялармен және қоғамдық бірлестіктермен, жастар, ардагерлер және кәсіподақ ұйымдарымен өзара іс-қимыл орнатып, қоғам тұрақтылығы мен халық сенімін сақтау жолында жауапты жұмыстарды жоғары деңгейде атқаратынына сенім арттамыз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыстың оң имиджін қалыптастыру, қоғамдық және әлеуметтік жобаларды дамыту, азаматтық институттар жұмысын жаңа деңгейге шығаруда басқарма мен оның жаңа басшысының алдына тың міндеттер қойылады. Олар – аймақта азаматтық қоғамның дамуына жағдай жасау және мемлекетпен өзара сенімгерлік қатынасты дамыту, өңірлік бұқаралық аппарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жетілдіру, мемлекеттік жастар саясатын іске асыру, NEET санатындағы жастармен жұмысты жаңа деңгейге көтеру, қоғамдық келісім мен этносаралық татулықты нығайтуда кешенді шаралар қабылдау, мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар кешенін жүзеге асыру. Бұл мәселелердің жүйелі жүзеге асуы үшін билік пен халық арасында сенімді диалог, тиімді байланыс орнатылуы қажет.

Руслан Мұхамедәліұлы 1984



жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген. Жоғары білімді, «Экономика» мамандығы бойынша білім алған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша «Экономика және бизнес» магистрі. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлегі, «Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы бойынша «Бизнес және басқару» магистрі.

Еңбек жолын 2010 жылы «Самұрық» қоғамдық қорының үйлестірушісі болып бастаған. 2011-2014 жылдары Шиелі аудандық және Қызылорда қалалық ішкі саясат бөлімдерінің маманы, Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының бас маманы, Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» орталығының бас сарапшысы қызметтерін атқарған. 2014-2018 жылдары Қызылорда қаласы әкімі аппаратының бас инспекторы, қала әкімінің баспасөз хатшысы. 2018-2020 жылдары Қызылорда қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы қызметтерін абыроймен атқарды. 2020 жылдан осы кезге дейін облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары болып қызмет етіп келді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

АУАДАН АҚША ЖАСАУДЫ ҒАНА ОЙЛАЙДЫ

Сатоши Накамото 2010 жылы блок өлшемінің шегін енгізген. Ол кезде әрбір блоктың өлшемі бір мегабайт болды. Бірақ әзірлеушілер блоктың нақты өлшемін осы уақытқа дейін айтарлықтай арттыра алмауда. Небәрі төрт мегабайтқа дейін ұлғайтты. Криптовалютаның негізгі қолдаушыларының бірі, кәсіпкер Роджер Вер осы тақырыпқа арнап жазған кітабында мұның шын мәнінде алаяқтық екенін айтқан. Жобаны жасаушылар үшін блок өлшемін арттыру тиімсіз. Оларға транзакцияның

қымбат болғаны ғана керек. Майнерлер осы блоктар мен транзакциялардан пайда табады.

Криптовалюта жақтаушылары осы мәселелердің барлығын жедел транзакцияларға мүмкіндік беретін Lightning Network төлем хаттамасы арқылы шешуді ұсынады. Ол үшін цифрлық ақшасы барлар бір компанияда депозитарлық әмиян ашып, ақшаны сақтауға беруді тиіс, яғни желі сплиттері бар донеглекке ұқсай бастайды. Орталық хаб өз клиенттерінің мәселелерін өздері шешетін ірі компаниялар тобы болады. Мұндай құрылым өнерлік желі деп аталады.

Алайда биткоиннің масштабтану мәселесін осылай орталықтандыру арқылы шешуге қарсылар көп. Себебі ол кезде цифрлық ақшаның «PayPal» сияқты кәдімгі электронды төлем жүйелерінен айырмашылығы қалмайды. Себебі нақты компания жұмысы тоқтап қалуы немесе оған билік қысым көрсетуі мүмкін. Ал өнерлік желі қатысушыларының біреуі өшірілсе, бүкіл желіде проблемалар туындайды.

Қорыта айтқанда, биткоин – қазіргі уақытта төлем арналары шағын, негізсіз күрделі жүйе. Бірнеше жылдың ішінде ол әлемдегі ең жақсы төлем жүйесінен баяу, қымбат және сенімсіз нәрсеге айналып отыр.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

БРИФИНГ

ЖӨНСІЗДІКТЕР
ТҮЙІЛМАЙ ТҮР

Қызылорда облысы бойынша экономикалық төргеп-тексеру департаментінің жарты жылдағы жұмысы бойынша бірқатар заңсыз әрекеттердің беті ашылды.

Келенсіздік қай салада да түйілмей тұр. Соның бірі республикалық маңыдағы «Қызылорда-Жезқазған» жолының құрылысы барысында анықталды. Жалпы ұзындығы 424 шақырым күрежолдың 216 шақырымы өңір аумағынан өтеді. Қызылорда-Ұлытау облыстары аралығындағы көлік жолын қайта жаңғырту жобасына (құны – 72 млрд теңге) департамент өкілдері қашықтан талдау жүргізген. Нәтижесінде 1,5 млрд теңгеден астам қаражатты мақсатсыз пайдалану тәуекелін анықтады.

«Қазавтожол» компаниясы мен облыстық әкімдікке жол құрылысының сапасын бақылауға алу туралы хаттар жолданды. Уақытылы қабылданған шараларға сәйкес жоба құнының (70 млрд теңге) негізсіз өсуіне жол берілген жоқ. Ұлытау облысындағы осы тектес жобаның құны 90 млрд теңгеден 140 млрд теңгеге дейін, яғни 50 млрд теңгеге қымбаттады. Бұл бағытта жұмыс жалғасуда, тұрақты мониторинг жүргізілуде, – дейді департаменттің тергеу басқармасының басшысы Ерлан Қасқырбайұлы.

«Қараалтынға» қосалғандар да ара-тұра төбе көрсетіп қояды. Соның бірі 2019-2023 жылдар аралығында 334 тоннадан астам дизель отынын арнайы құжатсыз 26 мемлекеттік мекеме мен 3 заңды тұлғаға 262 млн теңгеден астам сомаға сатып келген. Қылмыстық іс бүгінде аяқталуға жақын. Биыл сонымен қатар Қылмыстық кодекстің 197, 218-баптары бойынша «Гранд Тамаз», «ДГ Ойл» компанияларының екі субъектісіне қатысты үкім заңды күшіне енді.

Халықты алдап, оп-онай ақшасынан айыратын қаржы пирамидалармен күрес күн тәртібінен түскен жоқ. Департамент биыл алты ай ішінде «Qne» және «Атамекен-2021» пирамидасын ұйымдастырушыларға қатысты 3 қылмыстық істі сотқа жолдады. Құны 302 млн теңгеден асатын мүлікке тыйым салды.

«Chia-Tai» қаржы пирамидасы бойынша қылмыстық іс аяқталды. Қызылорда қаласындағы құрылымдық бөлімшесінің бұрынғы басшысы сот үкімімен 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды. Сонымен қатар пара алып, сыбайлас жемқорлық сипатындағы ауыр санаттағы қылмыстық құқықбұзушылық жасаған ерлі-зайыптыларға сот 7 жыл тағайындады, – дейді департамент өкілі.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

191 ӨРТ ОҚИҒАСЫ
ТІРКЕЛГЕН

Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының мәліметіне сүйенсек, аймағымызда 8340 нысан есепке алынған. Оның ішінде 2092 нысан жоғары, 362 нысан орта және 5886 нысан елеусіз дәрежесіне жатқызылған. Осы жылдың алты айында өрт қауіпсіздігі саласындағы 778 нысанға тексеру жұмыстары жүргізілген.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының міндетін атқарушы Арман Дастенов айтты.

Жыл басынан бері облыс көлемінде 191 өрт оқиғасы орн алды. Өткен жылдың мерзімді кезеңімен салыстырғанда 23 пайызға төмендеген. Төтенше жағдай салдарынан төрт адам қаза тауып, бес азамат түрлі жаракат алған. Өрт оқиғаларын талдау барысында тұрғын үй секторында 106, автокөліктерде 47, орман

қоры аумағында 10, әлеуметтік нысандарда 27, басқа да орындарда 1 өрт оқиғасы тіркелген. Департамент қызметкерлерінің қатысуымен өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді, – деді ол.

Мамандар өрт қауіпсіздігіне мұқият болуға шақырады. Бұл ретте құтқару қызметі көліктеріне көшелерде жол беру мәселесінің өзі де ескеретін жайт.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»



НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚАЗАЛЫДА «РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ»
ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Биыл облыстың барлық аудан орталықтарында аймақ басшысының қолдауымен «Руханият орталығы» ғимараттарының құрылысын бастау жоспарланған болатын. Осыған сәйкес Қазалы ауданында аталған ғимараттың құрылысы басталып кетті. Қазіргі таңда ғимарат орналасатын жерді дайындау, қаза жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Бұл нысанда жалпы музей, кітапхана, мұрағат, неке кино залы, ардагерлер және аналар кеңесі, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдар біріктіріліп, типтік үлгіде пайдалануға берілмек.

Айта кетейік, «Руханият орталығының» құрылыс жұмыстарымен «АСАР» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі айналысуда.

«СБ» ақпарат



«Энергосервис» ЕЖШС-ның 2024 жылғы 1-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында өткізу көлемі және табыстылық деңгейі жөніндегі мәлімет

БСН 990640000352

Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуі бойынша көрсеткіш қызмет атауы	Өткізу көлемі (киловатт сағат)				Өткізу көлемдері (мың теңге)				Босату бағасы, теңгем (қосымша құн салығынсыз)			Кірістілік деңгейі			
	Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша			Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша			Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша		Шығындар, мың теңге	Реттеліп көрсетілген кірістер, мың теңге	Кірістілік деңгейі, %	
		Заңды тұлғалар	Жеке тұлғалар*	Жеке тұлғалар*		Заңды тұлғалар	Жеке тұлғалар*	Жеке тұлғалар*		Заңды тұлғалар	Жеке тұлғалар*				Жеке тұлғалар*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Электрэнергия	275 131 136	120 881 117	135 928 379	18 321 640	5 549 533,552	2 724 597,640	2 488 733,817	336 202,094	20,17	22,54	18,31	18,35	7 089 807,320	5 549 533,552	-22%

«Энергосервис» ЕЖШС-ның 2024 жылдың 1-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында нақты және іс жүзіндегі шығындары жөнінде мәлімет

БСН 990640000352

Шығындар	Бекітілген шығындар сметасы, мың теңге	Нақты шығындар, мың теңге	Айырма
Электр энергиясын сатып алу шығындары	2 644 665	3 854 237	1 209 572
Электр энергиясын тасымалдау шығындары	1 798 171	2 325 754	527 583
Электр қуатының теңгерілмеу қызметін ұйымдастыру, қуатты реттеу, жүктемені әзірлігін қамтамасыз ету шығындары	328 773	575 841	247 068
Жиынтығы	4 771 609	6 755 833	1 984 223

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000498 мемлекеттік лицензиясы берілген)

«Дәулетэнерго» ЖШС-ның 2024 жылғы 1-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында өткізу көлемі және табыстылық деңгейі жөніндегі мәлімет

БСН 980340002633

Қызмет атауы	Өткізу көлемі, мың кВт*с				Өткізу көлемі, мың теңге (КҚС-сыз)				Өткізу бағасы, теңге (КҚС-сыз)			Табыстылық деңгейі			
	Барлығы	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты		Шығындар мың теңге	Реттелетін қызметтен түскен кіріс, мың теңге	Табыстылық деңгейі, %	
		Заңды тұлға	Жеке тұлға	Жеке тұлға		Заңды тұлға	Жеке тұлға	Жеке тұлға		Жалпы көлем	Тұтыну көлеміне қарай				орташа тариф
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Электрэнергия	80 879,855	37 561,977	41 424,514	1 893,364	1 816 136,320	978 156,520	801 124,950	36 854,850	22,45	26,04	19,34	19,47	2160751,490	1816136,320	-15,95%

«Дәулетэнерго» ЖШС-ның 2024 жылдың 1-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында нақты және іс жүзіндегі шығындары жөнінде мәлімет

БСН 980340002633

Шығындар	Бекітілген шығындар сметасы, мың теңге	Нақты шығындар, мың теңге	Айырма
Электр энергиясын сатып алу шығындары	850 281	1 092 415	242 134
Электр энергиясын тасымалдау шығындары	652 252	758 075	105 823
Электр қуатының теңгерілмеу қызметін ұйымдастыру, қуатты реттеу, жүктемені әзірлігін қамтамасыз ету шығындары	146 670	212 791	66 121
Жиынтығы	1 649 203	2 063 281	414 078

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000497 мемлекеттік лицензиясы берілген)

«Шиелі Жарығы» ЖШС-ның 2024 жылдың 1-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында өткізу көлемі және табыстылық деңгейі жөніндегі мәлімет

БСН 971140002240

Қызмет атауы	Өткізу көлемі, мың кВт*с				Өткізу көлемі, мың теңге (КҚС-сыз)				Өткізу бағасы, теңге (КҚС-сыз)			Табыстылық деңгейі			
	Барлығы	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты		шығындар, мың теңге	Реттелетін қызметтен түскен кіріс, мың теңге	Табыстылық деңгейі, %	
		Заңды тұлға	Жеке тұлға	Жеке тұлға		Заңды тұлға	Жеке тұлға	Жеке тұлға		Жалпы көлем	Тұтыну көлеміне қарай				орташа тариф
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Электрэнергия	145 086	66 265	75 744	3 077	2 740 366	1 252 301	1 429 912	58 153	18,89	18,90	18,88	18,90	3 188 894	2 740 367	-448527

«Шиелі Жарығы» ЖШС-ның 2024 жылдың 1-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында нақты және іс жүзіндегі шығындары жөніндегі мәлімет

БСН 971140002240

Шығындар	Бекітілген шығындар сметасы, мың теңге	Нақты шығындар, мың теңге	Айырма
Электр энергиясын сатып алу шығындары	1 371 257	1 597 864	226 607
Электр энергиясын тасымалдау шығындары	1 115 599	1 224 576	108 977
Электр қуатының теңгерілмеу қызметін ұйымдастыру, қуатты реттеу, жүктемені әзірлігін қамтамасыз ету шығындары	181 866	243 324	61 458
Жиынтығы:	2 668 722	3 065 764	397 042

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 16 шілдесінде №000507 мемлекеттік лицензиясы берілген)

ӨНЕРДІҢ ӨЗ ӨКІЛІ



ТАЛАЙ ШӘКІРТ ШЫҢДАҒАН

Мәдениет – ұлт өмірінің айнасы, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халықтың рухани келбеті. Қазалы ауданы «Лақалы ауылдық клубы» – мәдениет пен өнердің дамуына үлес қосып келетін орны. Олай дейтіміз, осы аядай ғана клубта республикаға танымал өнер майталмандары шындалып шыққан.

Ауыл мектебін бітірген соң әскери борышын абыроймен өтеп, елге оралды. Сонан соң 1995 жылы «Лақалы ауылдық клубында» сүйемелдеуші болып алғашқы еңбек жолын бастады. 2004 жылдан бүгінге дейін осы клуб менеджері қызметін атқарады. «Мақсатбаевтар» отбасылық ансамблінің негізін қалаушы.

Талай таланттың шындалып, қияға қанат қағуына үлес қосты.

2021 жылы Шәкір Бейсенбаевтың 80 жылдығына арналған «Шәкең салған ізбенен» атты облыстық байқауда бас жүлде иегері атанды. Осы жылы мәдениет саласына қосқан үлесі үшін Қазалы ауданы әкімінің «Үздік мәдениет қызметкері» номинациясымен марапатталды. 2022 жылы «Мәңгілік ел алыптары» IV республикалық рухани-патриоттық байқауының «Құрмет грамотасы» табысты. Өткен жылы Р.Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының директоры А.Райымқұлованың алғыс хатымен марапатталды.

Бірнеше музыкалық аспапта еркін ойнайтын Мейірімханның қоржынында бірнеше ән бар. Сазгер шығармашылығы ел арасында кеңінен орындалып жүр. Алғашқы туындыларының бірі – «Қазақстан», «Соңғы қоңырау», «Қыс қызығы», «Астана» әндері тыңдарманның оң бағасын алып келеді.

– Жақында «Рухани қазына-2024» фестивалінде «Үздік ауылдық клуб» аталымы бойынша үздік атанды. Алдағы қазан айында Астана қаласында аймақ намысын қорғаймыз. Қызметтік міндетті тиімді атқару үшін алдымен адамның кәсіби деңгейі, біліктілігі жоғары болуы тиіс. Жас жеткіншектерді ән, домбыра үйірмесіне тұрақты қатыстырып отырамын. Шәкірттерім аудандық деңгейден халықаралық деңгейге дейінгі өнер байқауларына қатысып, жүлделі орындардан көрініп келеді. Бұл – біздің жетістігіміз, – дейді өнер өкілі.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»



Біздің кейіпкеріміз – Мейірімхан Максатбай осы салада ұзақ жылдар абыройлы еңбек етіп келеді. Ол өнерлі отбасында дүниеге келген. Алты жасынан бастап ән айтып, домбыра, баян тартуды үйренген.



PARIS 2024

Енді екі күннен кейін Париж Олимпиадасы жалауын көтереді. Ел құрамасы сапында айтулы аламандар 80 спортшы қатысады. Қазақстандық жастар спорттың 25 түрінен бақ сынаиды. Оның ішінде 54 спортшы алғаш рет дүбірлі додаға қатысуға мүмкіндік алып отыр.

26 мың БАҚ өкілі жұмыс жасайды

Еліміздің атынан биыл беделді бәсекеге баратын 80 спортшының 54-і ер, 26-сы әйел. Қазақстан өз тарихында Жазғы Олимпиадада 71 жүлде алған.

Айта кетсек, 17 жастағы таэквондошы Батырхан Төлеуғали қазақстандық спортшылар арасынан Олимпиада ойындарында ел намысын қорғайтын ең жас спортшы атанып отыр. Бұған дейін қазақстандық спортшылар арасынан 13 жастағы Екатерина Руденко 2008 жылы Бейжің Олимпиадасында 100 метрге шалқалай жүзуден жарысқа қатысқан еді. Ал ең жасы үлкені семсерлесуден сыңға түсетін Эльмир Әлімжановтың жасы биыл 37-ге толды.

Тас жолдағы велоспорттан Қазақстан құрамасының өкілі Алексей Луценко Олимпиада ойындары басталардан жеті күн бұрын жаракат алып қалды. Ол жеке-лей сында (27 шілде) және топтық сында (3 тамыз) ел намысын қорғайды. Қазақстандық Евгений Федоров жарысқа тек топтық кезеңде бақ сынау үшін барады.

Айта кетерлігі, спорттық гимнастикадан араға 12 жыл салып, Жазғы Олимпиада ойындарында қайта 2 спортшымыз жүлдеге таласу мүмкіндігіне ие болды. 2023 жылы Жазғы Азия ойындарында Нариман Құрбанов ат снарядындағы жаттығуда бірінші рет қола жүлде алды. Бельгияның Антверпен қаласында өткен Әлем чемпионатында Милал Карими араға 26 жыл салып, көпсайыстан қола жүлде сыйлады. Спорттық гимнастикадан 14 жүлде жиынтығы сарапқа салынады.

Бокстан Қазақстан ерлер құрамасы Олимпиадаға толық құрамда барса, әйелдер құрамасы тұңғыш рет жазғы ойындарға үш спортшыны апарды. Ал әйелдер жүресі және ауыр атлетикадан қазақстандық спортшылар тарихта тұңғыш рет Олимпиаданы сырт қалды. Есесіне семсерлесуден ел құрамасы тарихта тұңғыш рет командалық жарыста бақ сынауға мүмкіндік алды.



Халықаралық Олимпиада комитеті Халықаралық бокс қауымдастығын (ИВА) мойындалатын федерациялар тізімінен шығарып тастады. Аталған шешім Халықаралық Олимпиада комитетінің Парижде өткен 142-сессиясында қабылданды. Халықаралық бокс қауымдастығын 2020 жылдан бері ресейлік маман Умар Кремлев басқарды. Еске салайық, ИВА-ға мүше елдің атынан шығатын боксшылар 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін Олимпиада ойындарына қатысмайды.

Париждегі айтулы бәсекелерден 26 мың БАҚ өкілі хабар таратады. Журналистер үшін Франция астанасында арнайы медиа орталық қарастырылған. Хабар тарату үшін әлемнің 200-ден астам елінен БАҚ өкілдері келген. Олардың арасында «Qazaqstan» ұлттық арнасы және «Qazsport» телеарнасының түсірілім тобы бар.

«СБ» ақпарат

ОҢАЛТУ РӘСІМІ

Қызылорда облысының МАЭС-ның 2024 жылғы 19 шілдедегі №4360-24-3-1/1889 ұйғарымымен ҚР, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Абай Құнанбаев даңғылы, 31 ғимаратында орналасқан «QAZBILIM QYZYLORDA ұлттық лицейі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 230540023291) оңалту рәсімін қолдану бойынша іс қозғалды. Барлық сұрақтар бойынша байланыс тел.: 8 702 157 1765 (Артықов Түгелбай).

Облыстық қоғамдық даму басқармасы қоғам қайраткері Жарқынбаев Гаулу Зейнуллаұлына қарындасы

Сәуле Зейнуллақызының қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтады.

Дүние дүрмек

Жойқын селдің зардабы

Күні кеше Қырғызстанның Жалал-Абад облысына қарасты Арстанбал ауылында қатты сел жүрді. Көршілес мемлекеттің төтенше жағдайлар министрлігі су тасқыны салдарынан бір аурухана, сауда үйі, бес көпір зақымданып, 23 автокөліктегі су шайып кеткенін хабарлаған. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі мәлімдеді.

Толассыз жауған жаңбыр ауылға жойқын су ағынын әкелген. Құтқарушылар селдің зардаптары жоюмен айналысып жатыр.

Бұған дейін Ош қаласында 14 шілдеде сел жүрген. Қала әкімдігінің хабарлауынша, «Мол-Бұлақ» демалыс аймағында ана мен үш қызын сел алып кеткен. Табиғи апат салдарынан құтқарушылар Озғур ауылындағы «Фөрүбай-Ата» демалыс аймағынан 500-ден астам адамды қауіпсіз жерге көшірген.

Қырғызстан министрлер кабинетінің мәліметінше, 20 сәуір мен 1 шілде аралығында республика бойынша 230-дан астам сел оқиғасы тіркелген. Көктем басталғалы Қырғызстанда сел салдарынан ондаған адам қаза тапты.

АҚШ құпия қызметінің басшысы отставкаға кетті

13 шілдеде бұрынғы президент Дональд Трампқа жасалған қастандыққа байланысты Кимберли Читл отставкаға кетті. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі BBC-ге сілтеме жасап хабарлайды.

Пенсильвания штатының Батлер қаласында өткен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу кезінде 20 жастағы Томас Крукс жиналған топқа оқ атқан. Салдарынан бір адам мерт болып, Трампты қосқанда үш адам жаракат алған болатын. Сол сәтте күзеттегі снайпер Круксты атып өлтірді.

Құпия қызметтің басшысы Читл Конгрессмендер палатасының комитетінде 6 сағат бойы куәлік беріп, сұрақтарға жауап берді. Ол Трампқа жасалған қастандық соңғы онжылдықтағы «ен үлкен сәтсіздік» екенін мойындады және жауапкершілікті өз мойнына алды.

Екі негізгі партияның конгрессмендері Читлге өз еркімен қызметінен кетуге кеңес берді. Осылайша Кимберли Читл отставкаға кетті.

АҚШ президенті Джо Байден Читлдің отставкасын қабылдап, осы оқиғаға байланысты арнайы мәлімдеме жасады және оған ондаған жылдар бойы мемлекетке қызметі үшін алғысын білдірді.

Бұған дейін Кимберли Читл отставкаға кетуден бас тартқан еді.

Жұдырықтың Нұржаны болғанды

Сарқасқа Жәрімбеттің Өлен ұрпағы өсіп-өнген, дәулетті аталық болыпты. Апа-мәсек, Қармақшы аудандарына қараған №16 ауылда Жұдырықұлы Нұржан ақсақал өмір (кейін Жалағаш ауданына қараған) сүрген. Жасында жақсы ат мініп, құмай тазы жүгіртіп өскен, кімсің Нұржан мырза атанғанды.

Ел аузында қыдыр көрген Жәрімбет биден (әулие) бастау алған Өлен тұқымы ел ішінде айбарлы да болған деседі. Осы Өлен бабадан – Қуан атты бай өмір сүрген – одан Тұрған, Жүрген, Догір мырза және бірнеше қыз өмірге келеді. Осы Қуан Әлеңұлы жайлы, оның бай ғана емес, ел ісіне араласқаны (1844-1868) архив жазбаларында көрініс берген, тіпті Қожаниязбен түркістандық бектердің жазаған хаттарынан оқи аламыз.

Есімі Арқа мен Сырға белгілі ақын Әзілкеш Шымырұлы (1830-1902) қыз Болықпен айтқанында (1890-1891 жылдарда) былай деген еді.

... Ақ Болық, жіңішке мен жуан қандай?

Сыймайды-ау қамзолына сыбанғандай.

Мақтайсың оның несін, ей, Ақ Болық, Қоздатқан сексен мыңды

Қуан қандай? Қуан Әлеңұлы мадақтаған.

Жүргеннен – Жұдырық, Қазыбай, Қара, Дүйсенбай, Сейсенбай өмірге келіпті. Жүргеннің Қарасынан – есімі бүкіл Орта Азияға белгілі Темірбек Жүргенов туган (1898-1938). Ал Қуан немересі Жұдырықтан – Зарқұм, Бегім, Нұржан, Есім тарайды. Өз басым Зарқұм ұрпақтары – Әлімхан, Қазихандарды және Нұржан ақсақалды көріп өстік.

Зарқұмнан тараған ұрпақтар Ақтөбе өңірінде. Бегімнен – Сердалы жастай қайтыс болыпты. Нұржаннан – Ерхан, Әбдірахман, Пайдрахман, Қасымхан, Жағыпар. Нұржекең балаларының ішінде өзінің көргенін Қытайы (апа) мен Жағыпар. Қытайының Бегімінің аты өшпесін деген мақсатпен тегін Бегімова деп жаздырған. Қытайы апай менің алғашқы ұстазым, директорым болды. Өте кішіпейіл және білімді кісі еді. Мені көрген сайын «Тиішжан» деп мейірілене қарайтын. Ал Жағыпар Нұржанов інімізден – Қанабек, Данабек, Қарлығаш, Талапбек, Алмағұл, Айдын, Шалқар, Сағынай, Айпара, Шаттық атты балалары бар, Қызылорда қаласында тұрады.

Нұржекеңнің күйеу балалары Бегідайра ұстаз, Әби есепші болып қызмет атқарды.

Нұржан әкеміз көршілес ауылда өскен Қаратамыр руының Тәттімбет-Ерназар аталығының қызы Ұрлықаға үйленген. Бұл апамыз отбасыға өте жайлы, көршілерімен жақсы қатынаста өмір сүрді. Әсіресе жазда «Қаратабан» жайлауында қатар үй тігілетін. Ұрлықа апа інім деп бәйек болушы еді. Ұрлықа апамыз атақты Тәттімбет-Ерназар биден тараған Кешубайдың қызы. 1900 жылы туып, 1964 жылы өмірден өтеді. Ал Нұржан Жұдырықов 1894 жылы туып, 1974 жылы «Жаңаталап» ауылында қайтыс болған. Олардың қабірі «Көңтөбеде».

1929 жылы ағасы Қара Жүргенов Қарқаралы мен Семей жаққа жер аударылып бара жатқанда, көзіне жас алған Нұржанға қарап Қара: «Нұржан-ау, талай елдің Қарасы ұсталып жатқан шығар, сол қарасыз қалған елдермен бірге жүресіңдер» деп басу айтқан екен.

Нұржекең көп сөйлемейтін біртөме кісі болды. Ұзын бойлы, қапсағай келген мұрынды кісі еді. Айтар сөзін айта алатын, айтқаны орындалатын. Елдегі белсенділер ағасы Қара айдауда (жер аударылды), інісі Нұржан Жұдырықов – бай тұқымы, мұны да жер аудару керек деушілер табылып, Қарақұмда жүргенінде 1933 жылы ұсталып, жер аударылады. Өуелде Қарағанды маңында бір жылдай, кейіннен Қыыр Шығысқа жер аударылады. Владивостокта, Голени мен Сахалин аралында, балықшылар пристанында тұрып, он жылдан кейін 1943 жылдың тамыз айында «Жаңаталапқа» келіп, колхозшы болып жұмыс істейді.

Сол жылдарда Нұржан ақсақал елді сағынып, бірнеше өлеңін жолдаған «Ержанға», «Жалғасқа», «Кәрен ағайға», «Есенқұлға», «Елдегі азаматтарға», «Ұрлықаға», тағы басқа өлеңдері де бар, «Кәрен ағайға» (Қара ағасына арналған екен).

... Мекенім Владивосток қаласында,



Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
зерттеуші,
Жалағаш ауданының
Құрметті азаматы

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақилы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.